



Uluslararası Beşeri Bilimler ve Sanat Dergisi

International Journal of Humanities and Art

<http://www.trkdergisi.com>

Araştırma Makalesi / Research Article

e-ISSN:2757-6388

trk dergisi

2024

5(1):54/62

Geliş Tarihi / Receive : 10.02. 2024

Kabul Tarihi / Accepted : 01.07. 2024



Ulusal Kavramsferde "Kahraman" Kavramı

The Concept Of "Hero" In The National Conceptosphere

Amanzhanova Aruzhan Nurlybekkyzy

Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov, Faculty of
Multilingual education

aruuuzhan@bk.ru

0009-0005-2665-4040

Atıf/Cite as: Aruzhan. Ұлттық Концептосферадағы «Батыр» Концептісі. *Trk Dergisi*, 5(1).

İntihal /Plagiarism: Bu makale, en az iki hakem tarafından ve bir intihal programında incelenmiş intihal içermediği teyit edilmiştir. / This article has been reviewed by at least two reviewers and in a plagiarism program and has been confirmed to be free of plagiarism.

Ulusal Kavramsferde "Kahraman" Kavramı (The Concept Of "Hero" In The National Conceptosphere)

ÖZET

Sözlü edebiyatın en zengin ve en eski türlerinden biri kahramanların şarkıdır. Kahramanların şarkısı, eski insanların yaşamının tüm özünü, yaşam tarzlarını, dış düşmanlara karşı savaşın görünümünü, bir ülke içindeki toplumsal mücadele de dahil olmak üzere yaşam tarzını tam olarak kapsar ve aynı zamanda imajını da tam olarak yansıtır. kahraman. Ancak tarihi olaylar zinciri gerçek hayatta olduğu gibi değil, şiirin sanatsal çözümüne göre örülmüştür. Ana karakterin davranışları, başka bir ülkeye kahramanca yolculuğu ve ülkesinin düşmandan kurtuluşuyla ilgili olaylar tek bir kahraman etrafında toplanarak onun imajını ortaya çıkarmaya hizmet eder. Destanın çizgisi belirli bir tarihi döneme dayanıp onu gösterse de çoğu zaman farklı zamanların olaylarının aynı kahramana söylenmesiyle karakterize edilir. Kahramanların Şarkısı'nın ana kahramanının imajı, "kahraman" makro kavramı etrafında dönüyor. Neden "kahraman" kavramına makro kavram diyoruz? Çünkü "kahraman" kavramı, baş kahramanın çektiği yay, kınındaki hançer, belindeki kılıç, altında ata binen yol arkadaşı, Allah'tan dilediği yaşlı anne ve babası, ve onun güzel karısı. Araştırma makalesi "kahraman" kavramını analiz etmektedir. Dünyanın dilsel imgesinde "kahraman" kavramı ulusal olarak tanımlanmaktadır. Folklor eserlerinde "kahraman" kavramının incelenmesi sırasında D.S. Lihacev, J.S. Ergübekova, B.M. Tileuberdiev'in görüşleri esas alındı. Kazak halkının dünya görüşünde "kahraman" kavramı milli bir karaktere sahiptir. Destansı eserlerde kahramanın kahramanlığı, silahları ve atı tasvir edilir. Kahramanların şarkısındaki "kahraman" imgesi mitolojik dünya görüşüyle bağlantılıdır. Mitik bilgilere göre, yaratıcı ya da ilk insan kavramlarının ardından kahraman kavramı gelmektedir. Bu şekilde bir kahramanlık şiirindeki kahraman imgesi, halkın zihinsel bilgisinin ve ruhsal deneyiminin bir ifadesi olarak tanımlanmaktadır. Araştırma makalesinin ana amacı "kahraman" kavramının destan eserlerindeki temsilinin yanı sıra günümüz milli bilgisindeki temsilini de incelemektir. Bu sayede "kahraman" kavramı ile günümüz arasındaki bağlantıyı belirlemek amacıyla anket yöntemi kullanılmıştır.

Anahtar kelimeler: Ulusal Kavram Dünyası, "Kahraman" Kavramı, Folklor Çalışmaları, Bilişsel Dilbilim, Mitolojik Dünya Görüşü, Etnokültürel Dünya Görüşü.



THE CONCEPT OF "HERO" IN THE NATIONAL CONCEPTOSPHERE

Abstract

One of the richest and oldest genres of oral literature is the song of heroes. The Song of Heroes fully covers the whole essence of the life of the ancient people, their way of life, the way of life, including the appearance of war against external enemies, the social conflict within a country, and in addition, it fully shows the image of a hero. But the chain of historical events is not as it happened in real life, but it is woven according to the artistic solution of the poem. The events related to the behavior of the main character, his heroic journey to another country and the liberation of his country from the enemy are gathered around one hero and serve to reveal his image. Although the line of the epic stands firmly in a certain historical era, it is often characterized by singing the events of different times to the same hero. The image of the main hero of the Song of Heroes revolves around the macro concept of "hero". Why do we call the concept of "hero" a macro concept? This is because the concept of "hero" consists of such micro-concepts as the main hero's drawn bow, dagger in his scabbard, sword on his waist, horse riding under him, his companion, his elderly parents, whom he begged from God, and his beautiful wife. The research article analyzes the concept of "hero". In the linguistic picture of the world, the concept of "hero" is determined by a national character. In the analysis of the concept of "hero" in folklore works, the opinions of D. S. Likhachev, Zh.S. Ergubekova, B. M. Tleuberdiev were taken as a basis. In the worldview of the Kazakh people, the concept of "hero" has a national character. In epic works, the heroic feat of the hero is depicted on the basis of weapons, silhouettes. In the work of heroes, the image of the "hero" is associated with the mythological worldview. According to mythical knowledge, the concepts of the Demiurge or the first man are followed by the concept of the hero. Thus, the image of a hero in a heroic poem is defined as a reflection of the mental cognition, spiritual experience of the people. The main object of the research article is to analyze how the concept of "hero" is presented in epic works, as well as reflected in national knowledge today. Thus, the analysis of the connection of the concept of "hero" with the present day was carried out by the survey method.

Key words: National Conceptosphere, "Hero" Concept, Folklore Works, Cognitive Linguistics, Mythological Worldview, Ethnocultural Worldview.



Ulusal Kavramsferde "Kahraman" Kavramı (The Concept Of "Hero" In The National Conceptosphere)

ҰЛТТЫҚ КОНЦЕПТОСФЕРАДАҒЫ «БАТЫР» КОНЦЕПТІСІ

Түйіндеме

Ауыз әдебиетінің ең бай, әрі көне жанрының бірі – батырлар жыры. Батырлар жыры ежелгі халық өмірінің бүтін бір болмысын, тұрмыс-тіршілігін, өмір салты мен қоса сыртқы жаулармен болған қарсылықты соғыс көрінісін, бір елдің ішіндегі әлеуметтік тартысын толық қамтып, оған қоса батыр бейнесін толық көрсетеді. Бірақ онда тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, өзге елге ерлік сапарға шығуына және өз елін жаудан азат етуіне байланысты оқиғалар бір қаһарманның маңына топталып, соның бейнесін ашуға қызмет етеді. Эпос желісі белгілі бір тарихи дәуірге табан тіреп, соны көрсетіп отырғанымен, оған көбіне түрлі заманның оқиғаларын бір қаһарманға теліп жырлап беру тән. Батырлар жырының негізгі қаһарманының бейнесі «батыр» макроконцептісінің төңірегінде көрініс табады. Не үшін «батыр» концептісін макроконцепт дейміз? Себебі, «батыр» концептісі негізгі қаһарманның асынған садағы, қынабындағы қанжалы, беліндегі қылышы, астына мінген тұлпары, жанындағы серігі, оны, яғни батырды, құдайдан тіленіп жүріп сұрап алған қарт ата-анасы, сүйген сұлу жары секілді микроконцептілерден тұрады. Зерттеу мақалада «батыр» концептісі талданған. Әлемнің тілдік бейнесінде «батыр» концептісі ұлттық сипатта анықталады. Фольклорлық шығармалардағы «батыр» концептісін талдау барысында Д.С. Лихачев, Ж.С. Ергубекова, Б.М. Тілеубердиев пікірлері негізге алынды. Қазақ халқының дүниетанымында «батыр» концептісі ұлттық сипатқа ие. Эпикалық шығармаларда батырдың қаһармандық ерлігі, қару-жарағы, тұлпары негізінде бейнеленеді. Батырлар жырында «батыр» бейнесі мифологиялық дүниетаныммен байланысты. Мифтік таным бойынша демиург немесе алғашқы адам жайлы түсініктер кейіннен батыр ұғымымен жалғасады. Осылайша қаһармандық жырдағы батыр бейнесі халықтың ментальды танымын, рухани тәжірибесінің көрінісі ретінде анықталады. Зерттеу мақаланың басты нысаны «батыр» концептісінің эпикалық шығармаларда берілуімен қатар, бүгінгі күнгі ұлттық танымда бейнелетініне талдау жасау. Осылайша «батыр» концептісінің бүгінгі күнмен байланысын анықтауда сауалнама әдісімен талдау жасалынды.

Тірек сөздер: ұлттық концептосфера, «батыр» концептісі, фольклорлық шығармалар, когнитивті лингвистика, мифологиялық дүниетаным, этномәдени дүниетаным.



Кіріспе

Әлемнің тілдік бейнесі әлемнің концептуальды бейнесімен тығыз байланысты. Концептосфера түсінігін зерттеуші Д.С. Лихачев ұсынған, өз кезегінде аталған термин адамзаттың, тұтас ұлттың мәдени тәжірибесі мен білімін көрсетеді. Зерттеушінің пікірінше, тіл иеленушілер танымында анықталған концептілердің жиынтығы [1, 32]. Ойлаудың когнитивті негізі бола отырып, концептілік өріс ұлтқан тән концептілердің жиынтығы екенін анықтаймыз. Зерттеу мақалада талданатын концепт универсалды, сонымен қатар ұлттық концепт ретінде танылады. «Батыр» концептісі универсалды, жалпыадамдық, мәдени сипатта ие. Этностың тілдік санасында ерекше орын алатын негізгі концепт ретінде, сонымен бірге халықтың ұлттық, этномәдени сипатын көрсетеді. Қазақ тілінде «батыр» концептісі символдық тұрғыдан қазақ мәдениетінде маңызды саналады. Сонымен қатар «батыр» концептісі қазақ руханиятында қаһарман, ел мен жер үшін аянбай күресетін тұлға ретінде көрінеді.

Ж.С. Ергубекова [2], Б.М. Тілеубердиев [3] «батыр» концептісі «адам» концептісінің бір тармағы ретінде анықталатын айтады. «Теңдесі жоқ» деп эпикалық шығармаларда суреттелген «батыр» бейнесі қазақ фольклорда үш сипатта келеді: біріншіден, «теңдесі жоқ» гиперболалық тәсілмен суреттелген кейіпкер; екіншіден, батыл, ержүрек; үшіншіден, ел қамын ойлайтын, қорғайтын адам. Зерттеуші Ж.С. Ергубекова былай дейді: «Когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарағанда, қаһармандық эпостағы әр бейне – ментальды таным, көзқарас, келтірімдердің, рухани тәжірибенің, этнос болмысының сана айнасындағы көрінісі – сондықтан да эпикалық бейне (образ) лингвоментальды құрылым ретінде қарастырылуы тиіс» [2, 194]. Бұл арқылы «батыр» концептісін зерттеудің, этномәдени дүниетанымдағы айрықша сипатқа ие екенін көреміз.

Негізгі бөлім

Фольклорлық шығармада батыр жайлы түсініктер ұжымдық сананың жемісі саналады. Оның басты себептерінің бірі батырдың ата-анасы ұзақ жылдар перзентті болмай, «әулие» басына түнеуінен, жаратушыдан бала тілеуінен көрінеді. Эпикалық туындыларда, оның ішінде «Алпамыс», «Қобыланды батыр» жырларында осындай сюжеттік құрылым кездеседі. Сонымен бірге батырдың «теңдессіз» сипаты фольклорлық шығарманың лингвопоэтикалық жүйесін көрсетеді. Яғни батырдың бұлайша сипатталуы алғашқы адам түсінігіне негізделеді. Осылайша батыр түсінігі мифтік таныммен де астасып жатқанын көреміз. Алғашқы адам немесе демиург космостық деңгейде алып сипатта болған, осы себептен де жалғыз әрі гипербола деңгейінде дәріптеліп бейнеленген.

Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері, ұлттық болмысы сонымен қатар дүниетанымын концептілер арқылы зерттеу ұлттық




Ulusal Kavramsferde "Kahraman" Kavramı (The Concept Of "Hero" In The National Conceptosphere)

концептосфераны танудың негізі саналады. Осы реттен «батыр» концептісі ұлттық концептосфераның жеке бір саласы ретінде қарастырылады. «Батыр» концептісінің эпикалық шығармаларда бейнеленуімен қатар, бүгінгі қоғамда бейнеленуі маңызды. Зерттеуімізде эпикалық жырлардың кейіпкерлерін ғана емес, өзге де қазақ руханиятының дамуына үлесін қосқан тарихи тұлғаларды қарастыруды жөн көрдік. Осы мақсатта сауалнама әдісі арқылы «батыр» концептісінің концептуалды өрісін кеңейтіп, оқушылар танымында ассоциациялық өрісі қалай көрінетінін анықтау мақсатында ассоциациялық-интерпретациялық талдау жасадық.

Зерттеуімізге қатысушылар үш топқа ажыратылды:

1. Оқушы;
2. Студент;
3. Жұмыс істейді. Сауалнамаға қатысушылардың пайыздық көрсеткіші 1-суретте көрсетілген.

Сауалнамаға қатысушыларды үш топқа ажырату арқылы «батыр» концептісі жайлы қалыптасқан пікірлердің жаңашылдығын анықтау көзделді. «Оқушы» тобы танымында батыр ұғымында эпикалық батырлармен қатар, қазақ хандары, Қабанбай, Бөгенбай, Б. Момышұлы, Қ. Смағұлов, Ә. Молдағұлова сынды нұсқалар кездеседі. «Студенттер» тобы Махамбет, Исатай, Қамбар батыр нұсқалары арқылы «батыр» концептісінің ассоциациялық өрісін кеңейтеді. «Жұмыс жасаймын» нұсқасында «батыр» концептісі Қобыланды, Алпамыс нұсқаларымен қатар, Махамбет, Б. Момышұлы, Т. Бигелдинов нұсқалары да кездеседі. Осы нұсқада батыр жайлы заманауи көзқарас көрінеді. Орада өзгеге қол үшін берген азаматты атап, «заманымыздың батыры» екенін көрсеткен. Бұдан «батыр» концептісінің ассоциациялық өрісі бүгінгі күнмен байланысты интерпретацияға түскенін анықтаймыз.




1-сурет. Сауалнамаға қатысушылар.

Сауалнамада «Батыр деп қандай қасиетті анықтайсыз?» деген сұрақ берілген. Берілген жауаптарды салыстыра, батырдың «ел мен жер үшін күресетін ер» деп жоғары мөлшерде көрінеді.



Екінші сұрақ «Батыр болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек?». Жауаптардың көп бөлігі «батыл» жауабын қамтиды. Сауалнамаға қатысушылардың пайыздық өлшемі 3-суретте берілген.




2-сурет. «Батыр болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек?» сұрағыңыз жауаптары.

Үшінші сұрақ «Батыр дегенде ойыңызға кім келеді?» деген ашық сұраққа келген жауаптарды саралайтын болсақ, эпикалық батырлармен қатар Б. Момышұлы, Қ. Смағұлов, Ә. Молдағұлова, Абылай хан сынды нұсқалар кездеседі.

Төртінші сұрақ «Қазақтың эпостық жырларындағы ең сүйікті батырыңыз кім?» жауабында ең көп кездесетін үш батыр:

- Алпамыс батыр;
- Қобыланды батыр;
- Ер Тарғын батыр.

Бұл арқылы респонденттердің эпикалық жырлармен, батырлардың ерлігімен таныс екенін көреміз. Жауаптардың қорытындысы 4-суретте берілген.



3-сурет. «Қазақтың эпостық жырларындағы ең сүйікті батырыңыз кім?».

Бесінші сұрақ төртінші сұрақты толықтыра түседі. «Ол батыр сізге қандай қасиетімен ұнайды?». Берілген жауаптардың көп бөлігі



Ulusal Kavramsferde "Kahraman" Kavramı (The Concept Of "Hero" In The National Conceptosphere)

намысты, ержүрек, тапқырлық, намысшыл, өткірлік, өжет сынды қасиеттерімен ұнайтынын белгілеген.

Соңғы сұраққа «Батыр бейнесі сіздің ойыңызша қандай болуы тиіс?» респонденттер түрлі нұсқаларды көрсеткен. Нұсқалар мынадай:

- Қайтпас қайсар, елі пен жері үшін жанын пида етуге дайын;
- Бойы ұзын, ірі денелі, сымбатты;
- Нар тұлғалы, алып денелі, қара күшпен ақылдың иесі;
- Батылды, қаһарман, қайсар;
- Ақылды, ақылына сенімі сай қайсар, сонымен қатар жүрегінде мейірімі бар. Шындық, әділдік үшін күресетін адам;
- Ең бастысы батыл, намысшыл, бірақ сонымен қатар ақылды да қатар алып жүретін;
- Батындың бірінші орында адалдығы болуы керек өзіне деген және еліне деген. Нағыз намысты ер азамат елі үшін сөзсіз барын беретіні анық;
- Намыс деп құр кеудені соғу емес, тұрар жерде ұрысқа, шешіліп ел атынан сөйлерде сүбелі сөзге тоқтайтын ақилы мен батырлығы, тапқырлығы жарасқан адам;
- Жүрекжүтқан;
- Оралда жақында өзгенің өмірін құтқара жүріп, өз өмірін қиып, қыршын кеткен батыр Асқар Забикулиннің суреті ілінген банер пайда болды. Облыс орталығындағы Абай даңғылы бойында орнатылған батырдың бейнесі бар банерді қалалық әкімдік пен ТЖБ мамандары бірлесе орнатыпты. Естеріңізге сала кетеміз, өз басын құрбан етіп, жанып жатқан оттың ішінен тұрғындарды алып шығып, ерлікпен қаза тапқан бүгінгі күннің батыры, қаһармен құтқарушы марқұм – Асқар Забикулинның бұл ерлігі көпке үлгі. Журырда Президент жарлығымен Астана көшелерінің біріне өрт сөндіруші Асқар Забикулиннің есімі берілген еді;
- Намысшыл,батыр,жігерлі;
- Сөзінде тұратын, іс-әрекетіне жауапты;
- Ертеректе алып күшті мықты, қазіргі таңның батырлары қиын жағдайда көмек қолын созған қайырымды іс жасаған адам;
- Қорған болу, жасымау;
- Өз қалауын жасаушы;
- Қайтпасқайсарлық, адалдық, намысты қолдан бермеу;
- Қобыланды Батыр - қазақ халқының қаһармандық жыры, ол ірі жауынгер болған. Оған қазақ халқының «Қобыланды батыр» эпосы арналған;
- Батыр,
батыл,мейірімді,ержүрек,қаһарман,өжет,ақылды,қайтпас
қайсар болуы тиіс;



- Батыр бейнесі менің ойымша ештеңеден қорықпайтын, намысшыл мінезі бар болуы тиіс;
- Батыл, елі үшін жанын қиюға әзір, ақылы мен күш-қуаты тең;
- Батыл, өз сөзінде тұратын, өзінің, өмірдегі принциптерімен;
- Әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ;
- Ержүрек, ақылды, стратег, мақсаты мен міндеті ауқымды, патриот;
- Ештеңеден тайсалмайтын.

Қорытынды

Берілген жауаптарды талдай келе, «батыр» концептісінің ассоциациялық өрісі эпикалық батырлармен бір қатарда Махамбет, Исатай, Б. Момышұлы, Қ. Смағұлов, Ә. Молдағұлова, бүгінгі батырлары; батырға тән қасиеттер анықталды. «Батыр» бейнесі жүрек жұтқан, қайсар, батыл, қорған бола білетін қасиеттері арқылы респонденттердің танымында көрініс береді.

Қорытындылайтын болсақ, «батыр» концептісінің ассоциациялық өрісі бүгінгі күнмен тікелей байланысты. Эпикалық шығармаларда танылатын батырлар қасиеті қазіргі күнгі батырлардың бойында да кездесетінін сауалнама нәтижесінен көреміз.

Әдебиеттер:

1. Лихачев Д. Избранные труды по русской и мировой культуре. – 2-е изд., перераб. и доп. / сост. и науч. ред. А. С. Запесоцкий. – СПб.: СПбГУП, 2015. – 540 с.
2. Ергубекова Ж.С. Қазақ батырлар жырларындағы «Адам» концептісі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №2(136). 2012.190-195 беттер
3. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 208 б.

